Әділет

# Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі N 348 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 25 сәуірде N 2-8-196 тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 274 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы N 274 Жарлығын іске асыру туралы" N 326 Қаулысына сәйкес Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Селолық округ және Есік қаласы әкімдеріне Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Абай көшесі N 322 үй және Шелек селосы, Кадыров көшесі N 2 үй мекен - жайындағы орналасқан "Еңбекшіқазақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес

бекітілсін.

4. Селолық округ және Есік қаласы әкімдері 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. "Еңбекшіқазақ аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Каскаров Бақытжан Айдарханұлы (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және жеткізуді өз құзыреті шегінде ұйымдастырып, шақырушыларды жөнелту кезінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары Қықимов Сәтжан Манасұлына жүктелсін.

7. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Б. Ысқақ*

Еңбекшіқазақ аудан әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 348 қаулысына 1-қосымша

## Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясының құрамы:

1. Комиссия төрағасы:

Қиқымов Сатжан Манасұлы - Еңбекшіқазақ аудан әкімінің бірінші орынбасары;

2. Комиссия төрағасының орынбасары:

Казахбаев Төлеген Ермекұлы - "Еңбекшіқазақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы;

3. Комиссиясының мүшелері:

Саулебаев Мақсат Бақытұлы - "Еңбекшіқазақ ауданының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары;

4. Турикбаев Рысбек Байгужикұлы - "Еңбекшіқазақ аудандық емханасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын" директорының орынбасары;

5. Комиссия хатшысы:

Садирмекова Нурсауле Оразаевна - "Еңбекшіқазақ аудандық Емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының медбикесі

Еңбекшіқазақ аудан әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 348 қаулысына 2-қосымша

## Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| № | Селолық округ атаулары | Сәуір | | | | Мамыр | | | | | Маусым | | | Қазан | | | | Қараша | | | | Желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 12 | 4 | 5 | 9 | 10 | 11 | 11 | 17 | 18 | 22 | 3 | 4 | 5 | 8 | 9 | 12 | 16 | 7 | 8 | 6 | 14 | 21 |
| 1 | Ават | + | | | | | | + | | | | | | | | | | | | | | | + |
| 2 | Ақши | | + | | | | | | + | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | Асы | | | | | | | | | + | | | | | | | + | | | | | | |
| 4 | Балтабай | | | | | | | | | | + | | | | | | | + | | | | | |
| 5 | Бәйтерек | | | | + | | | | | | | + | | | | | | | + | | | | |
| 6 | Есік қаласы | + | | | | + | | | | | | | + | | | | | | | + | | | + |
| 7 | Болек | | | | | | + | | | | | | + | + | | | | | | | | | |
| 8 | Маловодное | | | | | | | + | | | | | | + | | | | | | | + | | |
| 9 | Жаңашар | | | | | | | | | | | | | | + | | | | | | | + | |
| 10 | Қазақстан | | | | | | | + | | | | | | | | + | | | | | | | |
| 11 | Қаражота | | | | | | | | + | | | | | | | | + | | | | | | |
| 12 | Қаракемер | | | | | | | | | + | | | | | | | | | | | | | |
| 13 | Қаратурук | | | | | | | | | | + | | | | | | | | + | | | + | |
| 14 | Көктебе | | + | + | + | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 15 | Қорам | | | | | | | | | | + | + | | | | | | | | | | | |
| 16 | Қырбалтабай | | | | | | | | | | | | + | | | | | | | | | | |
| 17 | Малыбай | | | | | | | | | | | | + | | | | | | | | | | |
| 18 | Масақ | | | | | | + | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 19 | Сөгеті | | | | | | + | | | | | | | + | | | | | | | | | |
| 20 | Бартоғай | | | | | | | + | | | | | | | + | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 21 | Рахат | | | | | | | | + | | | | | | | + | | | | | | | |
| 22 | Саймасай | | | | | | | | | + | | | | | | | + | | | | | | |
| 23 | Ташкенсаз | | | | + | + | + | | | | + | | | | | | | + | + | | | | |
| 24 | Тескенсу | | | | | | | | | | | + | | | | | | | | + | | | |
| 25 | Түрген | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | + | | |
| 26 | Шелек | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | + | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК